

ӘОЖ 81'42(075.8)

ҒТАХР 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.010>

РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТІЛДІК ЖАҒДАЙЫ

*Досова А.Т.¹, Қусаинов Д.Б.²

*^{1,2}Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Ресей өңірлеріндегі қазақ диаспорасынан алынған қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты материалдар мен мұраны ғылыми зерттеу. Мақалада қазақ диаспорасының мәдениеті мен тілінің сақталуына, дамуына ықпал ету жолдарын анықтауға басымдық берілді.

Мақалада қазақ диаспорасының ұлттық ерекшелігін айқындау, ұлттық мәдени байлықтарымыздың заманауи шет елдік мәдениетпен сіңісу себептері айқындалды. *Диаспора және қазақ диаспорасы* терминдері талданады.

Бұл мақалада Ресейдегі қазақтардың қазіргі жағдайы, олардың ана тілін, ұлттық дәстүрлерін сақтау мәселелері және диаспораның мәдени-әлеуметтік өмірі сипатталады. Мақалада қазақ диаспорасының ұлттық бірегейлікті сақтау жолдары мен болашақ даму бағыттары туралы ой қозғалады. Бұл зерттеу Қазақстан мен Ресей арасындағы этномәдени және әлеуметтік байланыстардың нығаюындағы диаспора рөлін ашуға бағытталған.

Зерттеу барысында қазақ диаспорасының тілдік жүйесінде байқалатын билингвизм, код ауыстыру, гибридті сөйлеу құбылыстары нақты тілдік деректер арқылы дәлелденеді. Ұлттық мәдени лексиканың (дәстүрлі киім атаулары) семантикалық және прагматикалық трансформациясы сипатталып, диаспоралық тілдік ортаның динамикалық моделі ұсынылады.

Мақалада Ресей мемлекетінде өмір сүріп жатқан қазақ халқы (диаспорасы) туралы ғылыми мақалалар мен журнал беттерінде басылып шыққан ақпараттар мен материалдарды зерттеу үшін салыстыру және сұрыптау әдістері қолданылды. Сұрыптау әдісі жинақталған материалдардың мақала тақырыбының ғылыми объектісіне қатыстылығы мен сәйкестігі тұрғысынан жүргізілді. Сұрыпталған ақпараттар мен фактілер негізінде теориялық болжамдар мен тұжырымдамаларға талдау жасалынды. Талдау әдісі кезінде ақпараттарды салыстыру мен қорытындылау жұмысы жасалынды. Аталған әдістердің жиынтығы Ресейдегі қазақ диаспорасының қазіргі тілдік және әлеуметтік жағдайын жан-жақты әрі объективті бағалауға негіз болды.

Зерттеу нәтижесін жоғары оқу орындарында оқытылатын Әлеуметтік лингвистика, Қазақ тілінің лексикологиясы пәндері бойынша тәжірибелік сабақтар мен өздік жұмыстарда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: диаспора, қазақ диаспорасы, тіл, диаспоралық тілдік орта, әлеуметтік, мәдениет, билингвизм, гибридті сөйлеу

Кіріспе

Ресейдегі қазақ диаспорасының этикалық құндылықтарын диаспорологиялық ілімнің қазіргі мағынасы мен мазмұнын түсіну, оның философиялық аспектілерін ғылыми-зерттеу тәжірибелері арқылы анықтау, сондай-ақ шетелдік қазақтардың құндылық шеңберін жаңғырту мәселелерін қарастыру ауқымында талдау маңызды болып отыр. Себебі қазақ диаспорасы Ресей Федерациясындағы ең ірі этникалық қауымдастықтардың бірі болып табылады. Ресейде тұратын қазақтардың тарихи тамырлары, мәдени ерекшеліктері және қазіргі таңдағы әлеуметтік жағдайлары ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе. Ресей мен Қазақстан мемлекетінің ортақ ұқсастығы – көпұлтты, көпэтносты мемлекеттер. Ресей мемлекетінде өмір сүретін этностар мен ұлттардың саны әралуан. Қазақстан мемлекетінде де өмір сүретін халықтардың құрамында әртүрлі ұлт өкілдері кездеседі. Қазақстан мен Ресей мемлекетінің шекаралас мемлекеттер болуы әсерінен көші-қон мәселесі, мәдениаралық байланыс, ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі өзара байланысты. Мақалада Ресей мемлекеті аумағында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының жағдайы, көрінісі, келешегі мен мәдени байланысы сипатталады.

Бүгінгі күні Ресей территориясында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының жай-күйі мен мәдени байланысын зерттеу жаңа сұраныстарға ие. Себебі тәуелсіздікке дейінгі жағдай мен қазіргі замандағы халықтың көші-қон мәселесінің себептері мен сұраныстары әртүрлі. Бұл айырмашылық олардың мәдениеті, дүниетанымы мен өмір тәжірибесіне байланысты өзгерістерге ұшырайды. Мақалада Ресейдегі (шетелдегі қазақтардың) қазақ диаспорасының тұрмыс-тіршілігінің заманауи көріністері ескеріліп талдауға түседі. Ресей мен Қазақстан мемлекеті – мәдени, тілдік, менталитеттік қырларында айырмашылықтар болғанымен, екі халықты біріктіретін тарихи саналық байланыстар бар деуге болады. Соның бірі – тәуелсіздікке дейін КСРО аумағында орыс тілінде сөйлеп өмір сүргендігіміз. Орыс тілінде сөйлеу мәселесі – әлі күнге дейін өзекті. Сондықтан да, қазақ ұлтының өкілдері Ресей мемлекетіне оқу, мәдени даму, мансаптық көтерілу жолында еркін түрде қоныс аудара береді. Себебі тілдік барьер мәселесі жоқтың қасы. Мақалада осы мәселені толығырақ талқылау арқылы Ресей мемлекетіндегі қазақ диаспорасының жағдайы мен заманауи көрінісіне баға бере аламыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада Ресей Федерациясындағы қазақ диаспорасының тілдік және әлеуметтік жағдайы қарастырылады. Негізгі назар диаспора өкілдерінің арасында қазақ тілінің қазіргі жағдайын, оның күнделікті өмірде қолданылуы мен сақталу деңгейін талдауға аударылады. Қандастарымыздың қазіргі жағдайда өздерін қазақ ұлтының өкілі әрі Ресей азаматы екендерін дұрыс ұғынуы мен кризистік кезеңде әлеуметтік-психологиялық бейімделуін жандандыру мақсатында заманға сай мәдени-тарихи ахуалдық жағдай қажеттілігі туындайды, жалпылама айтсақ, гуманитарлық ғылымдарды (тарих, мәдениеттану, филология) дамыту арқылы ұғындыру, ұлттық бірегейлікті толығырақ сезінуі мен түйсінуді үшін қазақ мәдениетін тұтас этномәдениетпен тығыз бірлестікте ұғындырудың шығармашылық *кеңістіктегі*, яғни тарихи - мәдени бірлікте жеткізу қажеттілігі байқалады.

Зерттеу барысында қазақ диаспорасының, соның ішінде Ресей аумағындағы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру мақсатында сандық және сапалық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Негізгі эмпирикалық материал ретінде Бүкілресейлік халық санағының деректері алынды. Бұл мәліметтер қазақ диаспорасының саны, ана тілін меңгеру деңгейі және этномәдени сипаттамалардың өзгеру динамикасы туралы ақпарат береді. Әуелі, мақаланы жазу барысында қажетті ақпараттар мен фактілер жинақталды. Жинақталған ақпараттар негізінде сұрыптау жұмысы жүргізілді. Талдау және интерпретация әдісі деректерді әлеуметтік, мәдени және тілдік контекст аясында кешенді қарастыру мақсатында қолданылды. Бұл әдіс сандық көрсеткіштерді механикалық түрде сипаттаумен шектелмей, олардың әлеуметтік мәнін, тілдік салдарын және этномәдени мазмұнын ашуға бағытталды. Нәтижесінде алынған деректер диаспоралық кеңістіктегі тілдік үдерістерді социомәдени және этникалық факторлармен өзара байланыста түсіндіруге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Әуелі ғылыми айналымға енгізілген *диаспора* ұғымына тоқталсақ. *Диаспора* термині алғаш рет грек тілінде пайда болған. Грекше *диаспора* сөзі *шашырау*, *таралу* деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз бастапқыда Ежелгі Грекияда ауыл шаруашылығында – тұқымды жерге себу, шашу мағынасында қолданылған.

Кейінірек бұл ұғым белгілі бір этностың өз тарихи отанынан тыс жерде өмір сүруі, басқа елдерге қоныс аударып, сонда тұрақтап қалуы деген кең мағынаға ие болды. Алғашқыда бұл ұғым еврей халқының Израиль жерінен тыс елдерге таралуын сипаттау үшін қолданылған.

Қазіргі таңда *диаспора* термині өз отанынан тыс жерде тұратын этникалық топты немесе ұлтты білдіреді. Мысалы, қазақ диаспорасы – Қазақстаннан тыс елдерде өмір сүріп жатқан қазақтар.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *диаспора* ұғымына мынадай анықтама берілген: «*Бұрынғы өз отанынан алыс жерлерге қоныстанған адамдар*» [1], демек, сөздіктерде диаспора - белгілі бір этностық топтың тарихи отанынан тысқары жерде тұрақты немесе ұзақ мерзімді өмір сүруі. Бұл ұғым көбінесе этникалық, мәдени, тілдік ерекшеліктерін сақтап қалған қауымдастықтар үшін қолданылады. Мәселен, диаспора ұғымына байланысты мынадай лексика жиі қолданылады. Диаспораны сипаттау мақсатында: *шетелдегі қазақтар, шеттегі қазақтар, қандастар, этникалық топ, аз ұлт өкілдері, ұлттық азшылық*; диаспораның таралуына байланысты қолданылатын лексикалық бірліктер қатарына - *қоныстану, көші-қон, миграция, тарихи көшу, отаннан алыстау* десе, диаспораның мәдени өміріне қатысты *ана тілі, ұлттық сана, этномәдени құндылықтар, мәдени мұра, салт-дәстүр, мәдени бірегейлік* деген бірліктерді жиі пайдаланады. Мемлекетаралық қатынас контекстінде *тарихи отан, елшілік, мемлекетаралық байланыс, гуманитарлық саясат, этномәдени серіктестік* ұғымдары кеңінен таралған. Мысалы: *Шетелдегі қазақтар* өздерінің *мәдени мұрасын* сақтап қалу үшін түрлі мәдени орталықтар құрған. Ресейде *қоныстанған қандастардың* көпшілігі *ана тілін* меңгеруде қиындықтарға тап болуда. *Диаспора өкілдерінің* тарихи отанмен байланысы *ұлттық бірегейлікті* нығайтуға септігін тигізеді. Қазіргі таңда *этникалық топтардың мәдени бейімделу процесі* күрделі әрі көпқырлы мәселе болып отыр. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы *этномәдени құндылықтарды* сақтап, *ұлттық сана* қалыптастыруда белсенді жұмыс жүргізуде. Қазақстан мен Ресей арасындағы *гуманитарлық саясат* диаспорамен байланысты нығайтуға бағытталған. *Салт-дәстүрді* ұстану диаспора өкілдерінің *мәдени бірегейлігін* жоғалтпауына негіз болады. *Көші-қон үдерісі* қазақ диаспорасының қазіргі таралу географиясын айқындайды. Ресейде тұратын *аз ұлт өкілдерінің* бірі – қазақ диаспорасы – тарихи, мәдени тұрғыдан зерттелуге лайық. *Тілдік орта* тапшылығы диаспора жастарының *ұлттық тілді* меңгеруіне кері әсерін тигізуде.

Жаһандану заманында диаспораның әлеуметтік-экономикалық және тілдік әсері өзінің маңыздылығын арттыруда. Соңғы он жылдықта мемлекеттің ішінде өмір сүретін халықтардың мәдениеті мен тілдік қатынасына диаспораның ықпалы айтарлықтай өзгерістер тудырды. Мемлекетаралық шекаралардың тығыз байланысы мәдениаралық байланыстардың ұлғаюын арттырды. Бүгінгі таңда диаспораның басты қызметі – халықаралық қарым-қатынастар көпірін құрастыру және адамдар арасындағы мәдени байланыстарды белсенді орнату. Себебі мемлекет тек өзіне тән бір ғана мәдени, әлеуметтік, тілдік қасиеттерге ие. Мемлекет ішіне диаспора енгізетін тілдік, мәдени айырмашылықтарды бірлікте тұрақтандыру үшін диаспораның әдебиетін, мәдениетін, тілін зерттеу маңызды. Диаспоралардың маңыздылығын жете бағаламау жанжалды әлеуеттің жинақталып, мемлекеттің ішкі өмірінің тұрақсыздығы мен

тұтастығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Жалпы, диаспора терминіне ғалымдардың беретін анықтамалары әртүрлі. Себебі диаспора – әртүрлі ғылымдардың (әлеуметтану, этнология, саясаттану, мәдениеттану және т.б.) зерттеу пәніне жатады. Сондай-ақ *қазақ диаспорасы* термині әлемдік ғылыми терминологияға енгізіліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Мемлекеттік органдардың ресми құжаттарына енді, ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде кеңінен таралды. Өз уақытында бұл факт әлеуметтік ғылымдардың жетістігі ретінде қарастырылды. Қазақ диаспорасының әлемде (Азия, Еуропа, Америка) пайда болуы мен кеңеюі, оның әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени ерекшеліктері қазақстандық ғылымда алғаш рет зерттеуші Г.М.Мендикулованың «*Қазақ диаспорасының тарихи тағдырлары. Шығу тарихы және дамуы*» монографиясында ұсынылды [2]. Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы 2006 жылы «*Қазақ диаспорасы: тарих және қазіргі заман*» атты жаңа монографияның кеңейтілген нұсқасын қайта шығарды [3]. *Қазақ диаспорасы* терминімен қатар зерттеуші өзінің этникалық аумағында тұратын, басқа мемлекеттің құрамына енген және шекарасы бір халықты бөлген қазақтар үшін *ирредент* ұғымын қолданады. Г.М.Мендікулованың пікірінше, Қытай, Ресей және Өзбекстан қазақтары – ирредент (Біріккен емес ұлттар) және шетелдік қазақтар арасында ассимиляция емес, бейімделу процестері басымдыққа ие.

Ресейтерриториясында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының тарихи-мәдени сипаттамасын зерттеу маңызды тақырыптың бірі. Себебі заманауи жаңа талаптар мен сұраныстар жаңаша бағытта зерттеу міндеттерін қажет етеді. Әуелі, екі мемлекет арасындағы территориялық және географиялық орналасу туралы мәліметтерге назар аударайық. Себебі көші-қон үрдісінде шекара мәселесі маңызды кедергілер мен мүмкіндіктердің біріне жатады.

Әлемдік интеграция кезеңінде орыс тілі халықаралық қарым-қатынас тілі дәрежесіне ие. Жаһандану жағдайында барлық ақпараттар мен жаңалықтар орыс тілінде жарияланады. Қазақстандағы ұлттық бірегейлікке ықпал ететін басты факторлар қатарында кеңестік кезеңдегі орыстандыру үдерісі, қазіргі жаһандану аясындағы халықаралық ақпарат кеңістігіне бейімделу және ақпарат құралдарының орыс тілінде басым таралуы айрықша орын алады.

Жаһандану жағдайында этникалық қазақ диаспоралары әр мемлекетте, соның ішінде ТМД аумағында, өзіне тән аймақтық ерекшеліктермен дараланады. Мысалы, Ресейдегі диаспоралық кеңістік қазақ этникалық тобы үшін *орыс тілді халық* санатында қалу қаупі бар. Өкінішке орай, осындай жағдай басқа елдерде де бар (Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Түркия, Еуропа елдері).

Қазақтар қоныстанған жердің басым бөлігі – байырғы қазақ жері. 2010 жылғы халық санағы деректеріне сүйенсек, Ресейде тұратын қазақтардың саны 647 мыңға жуық, олардың ішінде ерлер мен әйелдер санының арақатынасы тең дәрежеде. Ауылдағы қазақтар қазақ халқының дәстүрі мен

мәдениетін сақтап қалған. Омбы, Орынбор т.б. ірі қалаларда тұрып жатқан қазақтар өз тілінде сөйлемейді. Бұл мәселені Қазақстан Ресеймен екіжақты келісімдер арқылы қалалардағы жоғары оқу орындарында қазақ тілі орталықтары мен филиалдарын ашу арқылы шешуге болады деп ойлаймыз.

Диаспора тілі және Ресейдегі қазақтардың тілдік жағдайы кейбір зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады. Атап өтсек, Г.Күзембаева, А.Таганова, Г.Ермекбаева, т.б. ғалымдардың «Revitalizing Heritage Languages in Diaspora: Evaluating the Effectiveness of the Kazakh for Heritage Speakers Course in Russia» [4] атты ғылыми мақаласында диаспора жағдайындағы мұра тілдерді жандандыру мәселесі зерттеледі. Ал А.Забродская, О.Иванова «The Russian language maintenance and language contacts of post-Soviet immigrants in Europe and beyond» [6] еңбегінде посткеңестік мигранттардың тілдік тәжірибесі мен тілдік байланыстары туралы ой қозғалады. Аталған еңбектердің барлығы диаспора, көптілді орта және этно-лингвистикалық бірегейлік мәселелерін ортақ теориялық кеңістікте қарастырады. Олар тілдің тек коммуникациялық құрал ғана емес, мәдени код, этникалық жад және әлеуметтік идентификация механизмі екендігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Г.Күзембаева және оның әріптестерінің зерттеуінде диаспора жағдайындағы қазақ тілінің функционалдық әлсіреу себептері талданып, мұра тіл (heritage language) ұғымы негізгі теориялық концепт ретінде қарастырылады. Авторлар тілдің табиғи трансмиссиясының (ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің) үзілуі, әлеуметтік ортадағы доминант тілдің басымдығы, институционалдық қолдаудың әлсіздігі сияқты факторларды тілдік ассимиляцияның негізгі себептері ретінде көрсетеді. Сонымен қатар, арнайы тілдік білім беру бағдарламалары арқылы тілдік құзыреттілікті қайта қалыптастырудың (language revitalization) мүмкіндіктері дәлелденеді. Бұл еңбек диаспорадағы қазақ тілінің оқыту моделі → тілдік практика → этникалық бірегейлік тізбегі арқылы дамитынын көрсететін жүйелі концепция ұсынады.

С.Жарқынбекова және бірлескен авторлар ұжымы еңбегінде тілдік үдерістер көпұлтты мемлекет ішіндегі көптілді орта аясында қарастырылғанымен, бұл тұжырымдар Ресейдегі қазақ диаспорасының тілдік және әлеуметтік жағдайын талдауда маңызды теориялық-әдіснамалық негіз бола алады. Атап айтқанда, этно-лингвистикалық бірегейліктің тілдік таңдау арқылы көрінуі Ресейдегі қазақтардың күнделікті өмірінде қазақ және орыс тілдерінің қызметтік жіктелуін түсіндіруге мүмкіндік береді. Мәселен, Ресейдің Астрахань, Орынбор, Омбы, Саратов облыстарында тұратын қазақтар арасында орыс тілі қоғамдық қатынастарда, білім беру жүйесінде және ресми коммуникацияда басым қолданылады, ал қазақ тілі көбінесе отбасылық қарым-қатынас пен этномәдени ортада сақталады. Бұл тілдік таңдау жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуімен қатар, оның этникалық өзін-өзі тану деңгейін де айқындайды.

А.Забродская мен О.Иванова еңбегінде қарастырылған посткеңестік миграциялық кеңістіктегі тілдік үдерістер Ресейдегі қазақ диаспорасының нақты тілдік ахуалымен тікелей сәйкес келеді. Авторлар сипаттайтын тілдік контакт, тілдік трансформация, тілдің әлсіреуі (attrition) және тілдің сақталуы (maintenance) құбылыстары қазақ диаспорасында айқын байқалады. Атап айтқанда, жас буын арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендеуі, орыс тілінің функционалдық басымдығы және аралас тілдік формалардың (код-ауысу, интерференция) кең таралуы байқалады. Бұл құбылыстар урбанизация, аралас некелердің көбеюі, білім беру жүйесінің біртүлділігі және ақпараттық кеңістіктің орыстілді болуы сияқты әлеуметтік факторлармен байланысты.

Сонымен қатар Ресейдегі қазақ диаспорасында тілдік иерархия қалыптасқаны анық көрінеді: орыс тілі – әлеуметтік табысқа жетудің, кәсіби дамудың негізгі құралы болса, қазақ тілі – этникалық бірегейліктің, тарихи жадтың және мәдени құндылықтардың символы ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты диаспора өкілдерінің тілдік мінез-құлқы көбіне екітілділік (билингвизм) жағдайында жүзеге асады. Кей жағдайда бұл қос тілділік тең дәрежеде емес, функционалдық асимметрия түрінде көрінеді. Дегенмен, соңғы жылдары қазақ диаспорасы арасында ана тілін сақтауға деген қызығушылықтың артуы байқалады. Мысалы, ұлттық-мәдени орталықтар қызметі, жексенбілік мектептер, мәдени іс-шаралар (Наурыз мерекесі) қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етуде. Бұл құбылыстар тілдің сақталуы (language maintenance) үдерісінің жандануын көрсетеді.

Осылайша, Ресейдегі қазақ диаспорасының тілдік және әлеуметтік жағдайы көпқабатты, күрделі сипатқа ие. Ол тілдік контакт, әлеуметтік бейімделу, мәдени трансформация және этникалық бірегейлікті сақтау үдерістерімен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, қарастырылған ғылыми еңбектер диаспорадағы тілдік құбылыстарды жүйелі түрде түсіндіруге және олардың даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында талдауға түскен материалдар Ресейдің Астрахань, Орынбор, Омбы облыстарындағы қазақ диаспорасының тілдік және әлеуметтік жағдайына қатысты нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, жүргізілген талдау нәтижесінде аталған өңірлердегі қазақтардың басым бөлігінде орыс тілінің қоғамдық-коммуникативтік қызметі жоғары екендігі, ал қазақ тілінің көбінесе отбасылық-тұрмыстық және мәдени-символдық деңгейде қолданылатыны анықталды. Сонымен қатар жас буын арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендеуі және код-ауысу (қазақ-орыс аралас сөйлеу) құбылысының кең таралғаны байқалды.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тілдік таңдау факторлары ретінде білім беру тілі, урбанизация деңгейі және ақпараттық ортаның сипаты негізгі рөл атқаратыны дәлелденді. Мәселен, қалалық ортада өмір сүретін қазақтар

арасында орыс тілі басымдыққа ие болса, ауылдық жерлерде қазақ тілінің сақталу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары екені анықталды.

Мұндай зерттеу нәтижелері Ресейдегі қазақ диаспорасының тілдік ахуалы функционалдық екітілділік жағдайында дамып отырғанын, алайда бұл екітілділіктің асимметриялық сипатқа ие екенін және қазақ тілінің қолданыс аясы шектеулі екенін нақты көрсетеді.

Ауылдық ортада қазақ тілі күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас құралы ретінде салыстырмалы түрде сақталғанымен, қалалық кеңістікте орыс тілі толыққанды доминант тілге айналған. Бұл жағдай тілдік домендердің функционалдық бөлінуіне әкеліп, қазақ тілінің қолданылу аясын негізінен отбасылық, дәстүрлік және ритуалдық кеңістікпен шектейді. Ал білім беру, ресми қатынас, қоғамдық коммуникация, медиа кеңістік толықтай орыс тілінің ықпалында қалып отыр. Мұндай құрылым классикалық диаспоралық билингвизм моделіне сәйкес келеді, яғни қазақ тілі этномәдени идентификатор рөлін атқарса, орыс тілі әлеуметтік-коммуникативтік құрал қызметін атқарады.

Бұл тілдік ахуал сөйлеу тәжірибесінде нақты көрініс табады. Ресейдегі қазақтардың ауызекі тілінде код ауыстыру және код араластыру құбылыстары жүйелі сипатқа ие. Мысалы, *«Мен кеше магазинге бардым, бірақ хлеб таусылып қалды»*. Бұл мысалда сөйлем қазақша басталып, соңында орысша «хлеб» сөзі қолданылған. Қазақ тілінің синтаксисі сақталған, бірақ лексика орыс тілінен енген. Қазақша синтаксистік құрылым ішінде орысша лексемалардың белсенді қолданылуы гибридіті сөйлеу үлгілерін қалыптастырған. Мысалы, *«Бүгін мен мектепке барып, контрольная тапсырманы орындадым»*. Мұнда сөйлем қазақша басталып, синтаксис қазақ тілінің үлгісінде сақталған, бірақ «контрольная тапсырма» орысша сөз тіркесі лексикалық гибридітілік үлгісін көрсетеді.

Мұндай тілдік модельдер диаспоралық ортада екі тілдің когнитивтік деңгейде қатар қызмет атқарып, біртұтас коммуникациялық жүйеге айналғанын көрсетеді. Бұл құбылыс бір жағынан көптілділік әлеуетін білдірсе, екінші жағынан қазақ тілінің дербес коммуникативтік жүйе ретіндегі функциясының әлсіреуін айқындайды.

Тілдік өзгерістер лексикалық жүйеде де байқалады. Диаспоралық ортада қазақ тілінің сөздік қоры құрылымдық тұрғыдан сақталғанымен, семантикалық және функционалдық тұрғыдан тарылу үдерісі жүруде. Синонимдік қатарлардың редукциясы, абстракт ұғымдардың қарапайым бинарлық модельдерге (*жақсы–жаман, керек–керек емес*) ығысуы, күрделі синтаксистік құрылымдардың ықшамдалуы лексикалық қарапайымданудың нақты белгілері ретінде көрінеді. Бұл тілдік үдерістер language attrition теориясымен сәйкес келеді, яғни тілдің белсенді қолданыс аясының тарылуы оның ішкі құрылымының да қарапайымдануына алып келеді.

Диалектологиялық тұрғыдан алғанда, Ресейдегі қазақ диаспорасының тілі дербес тілдік жүйе емес, аймақтық говорлармен сабақтас диалектілік

құрылым ретінде дамыған. Зерттеуші А.Тасымовтың «Қалмақ Республикасындағы қазақтар тіліндегі әдеби тілден шалғай қолданылатын диалектизмдер» мақаласында қазақ диаспорасы тіліндегі диалектизмдердің қызметі қарастырылған. «Қалмақстан қазақтарының тілінде қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына енбеген, бірақ жергілікті тілдік қолданыста сақталған бірқатар лексемалар кездеседі. Бұлар көбіне аймақтық говорлармен және көрші тілдердің ықпалымен байланысты қалыптасқан. Мысалы: *құтару – бітіру, аяқтау; бұтташық – картоп; көкілім – қалқам, шырағым; балдыр – метис; бахрана – топас; герем – рет; зүфір – үйілген қоқыс; мәстәмә – көсеу, шымшуыр және т.б.*»[7] Қалмақстан қазақтарының тілдік материалдары тұжырымымызды нақты деректермен айқындауға септігін тигізеді.

Бұл сөздердің бір бөлігі қалмақ тілінен, бір бөлігі орыс тілінен енген, ал енді бір тобы батыс аймақ говорларына тән байырғы лексика ретінде сақталған. Әдеби тіл нормасына енбеген, бірақ жергілікті қолданыста сақталған лексемалардың болуы тарихи көші-қон, этникалық араласу және көпэтносты ортаның ықпалымен қалыптасқан тілдік бейімделу үдерісін көрсетеді. Бұл құбылыс ассимиляциядан гөрі адаптациялық модельдің басым екенін дәлелдейді.

Ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісі мәдени лексика арқылы айқындалады [8, 25 б.]. Мұндай тілдік бірліктер қазақ диаспорасы тілінде сақталған. Ұлттық мәдени лексика, әсіресе дәстүрлі киім атаулары (*сәукеле, бөрік, тымақ, қамзол, ішік, шекпен*) диаспора тілінде формалық тұрғыдан сақталғанымен, олардың семантикалық және прагматикалық қызметі өзгеріске ұшыраған. Бұл лексемалар күнделікті тұрмыстық қолданыстан гөрі символдық, ритуалдық және мәдени-дискурсивтік кеңістікте жұмсалады. Яғни, олардың функционалдық қызметі тарылып, этномәдени символ ретінде орныққан. Бұл құбылыс семантикалық сақталу мен функционалдық редукция заңдылығы арқылы сипатталады және диаспоралық тілдік ортаға тән универсалды модель ретінде танылады.

Жалпы алғанда, Ресейдегі қазақ диаспорасының тілдік кеңістігі ассимиляция, бейімделу және сақталу үдерістерінің тоғысында қалыптасқан динамикалық жүйе болып табылады. Қазақ тілі толық ығыстырылған тіл де емес, толыққанды қоғамдық-коммуникативтік тіл де емес, ол негізінен этномәдени код, ұлттық бірегейліктің символдық маркері қызметін атқарады. Ал орыс тілі қоғамдық, институционалдық және әлеуметтік коммуникацияның негізгі құралы ретінде орныққан.

Осылайша, зерттеу нәтижелері қазақ диаспорасы тілінің даму моделін функционалдық ығысу парадигмасымен сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл модельде тілдің құрылымдық сақталуы оның әлеуметтік қызметінің сақталуын қамтамасыз етпейді, керісінше, тіл этномәдени символ деңгейіне ауысады. Мұндай үдеріс әлемдік диаспоралық лингвистикада кең таралған заңдылық болып табылады. Сондықтан қазақ диаспорасы тілін зерттеу тек

сипаттамалық деңгейде емес, тіл саясаты, білім беру, мәдени интеграция және этномәдени стратегияларды қалыптастыру тұрғысынан да өзекті ғылыми бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Әлемнің жаһандануы жағдайында диаспора феноменін және қазақ диаспорасының репатриация мәселелерін неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу қажет, оның нәтижелері елдің дамуын және жалпы демография деңгейін бір сатыға көтереді. Ресейдегі қазақ диаспорасы – Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени және әлеуметтік байланысты нығайтатын маңызды буын. Ресейдегі қазақ диаспорасы – бұл бай тарихы мен мәдениеті бар қауым. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысып, Ресей қоғамында белсенді рөл атқарады. Диаспораның мәдениеті мен тіліне деген қызығушылықты арттыру, жастар арасында ұлттық сана-сезімді нығайту – бұл бүгінгі күннің басты міндеттері. Қазақтар өз ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, Ресей қоғамының толыққанды бөлігі болып табылады. Ұлттық дәстүрлерді сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – диаспораның басты міндеттерінің бірі.

Ресейдегі қазақтар – тарихи, мәдени және тілдік тұрғыдан бай мұраның иелері. Дегенмен, орыс тілінің ықпалынан тілдік ассимиляция байқалады. Қазақ тілін сақтау үшін ауылдағы дәстүрлерді жалғастырумен қатар, қалада арнайы тілдік және мәдени бастамалар қолға алынуы тиіс. Қазақ тілін сақтау үшін арнайы шаралар қажет деп ойлаймыз. Мәселен, Қазақстан мен Ресей арасында жасалған екіжақты келісімдер аясында қазақтар қоныстанған қалаларда қазақ тілі орталықтарының жұмыстарын жандандыру. Сондай-ақ Білім беру мен мәдени жобаларды қолдау арқылы тіл мен рухани мұраны сақтауға мүмкіндік жасау.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

[2] Мендикулова Г. М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 265 с.

[3] Мендікұлова Г.М. Қазақ диаспорасы: тарих және қазіргі заман. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, 2006. – 343 б.

[4] Kuzembayeva, G., Taganova, A.M, Yermekbayeva, G., Idrissov, S., Maydangalieva, Z. Revitalizing Heritage Languages in Diaspora: Evaluating the Effectiveness of the Kazakh for Heritage Speakers Course in Russia // Journal of Social Studies Education Research. – 2025. –16(3). – Pp. 238–262.

[5] Zharkynbekova S., Ayupova G., Galiyeva B., Shakhputova Z., Zabrodskaja A. Ethno-Linguistic Identity of Kazakhstani Student Youth in Modern Multinational Context of Kazakhstan. Languages // Languages. – 2025. – Т. 10. – № 2, 33. <https://doi.org/10.3390/languages10020033>

[6] Zbrodskaja A., Ivanova O. *The Russian language maintenance and language contacts of post-Soviet immigrants in Europe and beyond* // Russian Journal of Linguistics. – 2021. – № 25(4). – Pp. 828–854.

[7] Тасымов А. Қалмақ Республикасындағы қазақтар тіліндегі әдеби тілден шалғай қолданылатын диалектизмдер // ҚазҰУ Хабаршысы, «Филология» сериясы. – № 3 (133). – 2011. – Б. 145-147.

[8] Досова А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясындағы «Ахмет бейнесі» концептісі// Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – № 4 (67). 2022. – Б.24-34.

REFERENCES

[1] Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıǵı / Jalpy redaksiasyn basqarǵan T. Janūza [Explanatory dictionary of the Kazakh language / General editor: T. Zhanuzakov]. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b. [in Kaz].

[2] Mendikulova G. M. *İstoricheskie südby kazahskoi diasporı. Proishojdenie i razvitie* [The Historical Fate of the Kazakh Diaspora: Origins and Development]. – Almaty, Gylym, 1997. – 265 s. [in Rus].

[3] Meñdıqūlova G.M. *Qazaq diasporasy: tarih jäne qazırgı zaman* [Kazakh diaspora: history and present day]. – Almaty: Dūniejūzı qazaqtary qauymdastyǵy, 2006. – 343 b. [in Kaz].

[4] Kuzembayeva G., Taganova A.M, Yermekbayeva G., Idrissov S. Maydangalieva Z. *Revitalizing Heritage Languages in Diaspora: Evaluating the Effectiveness of the Kazakh for Heritage Speakers Course in Russia.* // Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – № 16(3). – Pp. 238-262.

[5] Zharkynbekova S., Ayupova G., Galiyeva B., Shakhputova Z., Zbrodskaja, A. *Ethno-Linguistic Identity of Kazakhstani Student Youth in Modern Multinational Context of Kazakhstan.* Languages // Languages. – 2025. – T. 10. – № 2., 33. <https://doi.org/10.3390/languages10020033>

[6] Zbrodskaja A., Ivanova O. *The Russian language maintenance and language contacts of post-Soviet immigrants in Europe and beyond* // Russian Journal of Linguistics. – 2021. – №25(4). – Pp. 828-854.

[7] Tasymov A. *Qalmaq Respublikasyndaǵy qazaqtar tılindelıǵı ädebi tılден şalǵai qoldanylatyn dialektizmder* [Dialectisms used in the Kazakh language of the Republic of Kalmykia, far from the literary language] // QazŪU Habarşysy, «Filologia» seriasy. – 2011. – № 3 (133). – B. 145-147. [in Kaz.].

[8] Dosova A.T. *Ahmet Baitürsynūly poeziasyndaǵy «Ahmet beinesı» konseptısı/ (The concept of “Akhmet’s image” in the poetry of Akhmet Baitursynuly) /Abylai han atyndaǵy QazHQ jäne ÄTU Habarşysy, «Filologia ǵylymdary» seriasy.* – 2022. – № 4 (67). – B. 24-34. [in Kaz.]

СОЦИАЛЬНО-ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В РОССИИ

*Досова А.Т.¹, Кусаинов Д.Б.²

*^{1,2} Қостанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы
Қостанай, Қазақстан

Аннотация. Целью статьи является научное исследование материалов и наследия, связанных с казахским языком и культурой, собранных среди казахской диаспоры в регионах России. В статье особое внимание уделяется вопросам сохранения и развития культуры и языка казахской диаспоры.

В статье рассматриваются вопросы идентификации национальных особенностей казахской диаспоры, причины интеграции национальных культурных ценностей с современной зарубежной культурой. Анализируются термины *диаспора* и *казахская диаспора*.

В статье поднимаются вопросы о путях сохранения национальной идентичности и направлениях дальнейшего развития казахской диаспоры. Исследование направлено на раскрытие роли диаспоры в укреплении этнокультурных и социальных связей между Казахстаном и Россией.

В исследовании на конкретных языковых данных демонстрируются явления билингвизма, код-свичинга и гибридного речевого поведения в языковой системе казахской диаспоры. Кроме того, описывается семантическая и прагматическая трансформация национальной культурной лексики (названия традиционной одежды) и предлагается динамическая модель диаспоральной языковой среды.

Для исследования информации и материалов, опубликованных в научных статьях и журналах о казахах, проживающих на территории Российской Федерации (диаспоре), были использованы методы сравнения и отбора. На основе собранной информации была проведена селекция. Метод отбора применялся с точки зрения соответствия собранных материалов научному объекту темы статьи. На основе отобранных фактов и информации были сделаны теоретические предположения и выводы. В процессе анализа проводилось сравнение и обобщение информации. Совокупность указанных методов позволила всесторонне и объективно оценить современное языковое и социальное положение казахской диаспоры в России.

Результаты исследования могут быть использованы в рамках практических занятий и самостоятельных работ по дисциплинам Социоллингвистика и Лексикология казахского языка в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: диаспора, казахская диаспора, язык, диаспоральная языковая среда, социальное, культура, билингвизм, гибридное речевое поведение

SOCIO-LINGUISTIC SITUATION OF THE KAZAKH DIASPORA IN RUSSIA

*Dossova A.T.¹, Kussainov D.B.²

^{1,2} Akhmet Baitursynuly Kostanai Regional University, Kostanay, Kazakhstan

Abstract. The purpose of this article is to conduct a scholarly investigation of materials and heritage related to the Kazakh language and culture, collected among the Kazakh diaspora in the regions of Russia. Special attention is given to issues of preserving and developing the culture and language of the Kazakh diaspora.

The article examines the identification of national characteristics of the Kazakh diaspora and the reasons for the integration of national cultural values with contemporary foreign cultures. The concepts of *diaspora* and *Kazakh diaspora* are analyzed.

The study addresses ways of preserving national identity and directions for the further development of the Kazakh diaspora. It aims to reveal the role of the diaspora in strengthening ethnocultural and social ties between Kazakhstan and Russia.

Based on specific linguistic data, the study demonstrates phenomena of bilingualism, code-switching, and hybrid speech behavior in the linguistic system of the Kazakh diaspora. In addition, the semantic and pragmatic transformation of national cultural lexicon (e.g., names of traditional clothing) is described, and a dynamic model of the diasporic linguistic environment is proposed.

To study the information and materials published in scientific articles and journals about Kazakhs living in the Russian Federation (the diaspora), comparative and selective methods were used. Based on the collected information, a selection process was conducted. The selection method was applied based on the relevance of the collected materials to the scientific subject of the article's topic. Based on the selected facts and information, theoretical assumptions and conclusions were drawn. The analysis included comparison and synthesis of the information. The combination of these methods allowed for a comprehensive and objective assessment of the current linguistic and social status of the Kazakh diaspora in Russia.

The research findings can be used in practical classes and independent work for courses in Sociolinguistics and Kazakh Language Lexicology at higher education institutions.

Keywords: diaspora, Kazakh diaspora, language, diasporic linguistic environment, social, culture, bilingualism, hybrid speech behavior

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 30.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Досова Алма Төлегенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, Қазақстан, Қостанай, e-mail: almdosova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>

Кусаинов Динмухамбет Берикович – Ахмет Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің докторанты, Қазақстан, Қостанай, e-mail: dik_1999@mail.ru , <https://orcid.org/0009-0000-4667-1051>

Информация об авторах

Досова Алма Тюлюгеновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан, Костанай, e-mail: almdosova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>

Кусаинов Динмухамбет Берикович – докторант Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан, Костанай, e-mail: dik_1999@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-4667-1051>

Information about the authors:

Dossova Alma Tulegenovna – Candidate of philological sciences, Associate professor of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay, e-mail: almdosova@mail, <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>

Kussainov Dinmukhambet Berikovich – doctoral student of Akhmet Baitursynuly Kostanai Regional University, Kazakhstan, Kostanay, e-mail: dik_1999@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-4667-1051>